

**З.М. Базарбаева\*** 

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан  
\*e-mail: zeynepmb@mail.ru

## ТҮРКІ (ҚЫПШАҚ) ТІЛДЕРІНДЕГІ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ (ВОКАЛИЗМ) ЭВОЛЮЦИЯСЫ

**Аннотация.** Ұсынылған мақалада түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы вокализм жүйесінің тарихи құбылыстары туыстас тілдердің негізгі даму кезеңдері мен дәуірлері бойынша сипатталған. Туыстас қыпшақ түркі тілдерінің вокализмін салыстыру барысында тілдердің фонологиялық жүйелеріндегі жалпы және айрықша ерекшеліктер қарастырылған.

Ғылыми зерттеудің мақсаты түркі тілдерінің тілдік топтары мен генеалогиялық жіктемелерін қарастыру барысында, олардың дыбыстық жүйелеріне (вокализм) фонетикалық-фонологиялық талдау жүргізу.

Фонетикалық жүйелердің дамуы мен қалыптасуына әсер ететін фонологиялық құбылыстар диахрондық аспектіде қарастырылған. Түркі тілдерінің дыбыс жүйесін талдау барысында салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы қазақ тілі өзімен туыстас бір топтағы, яғни қыпшақ типологиялық тобына жататын татар, қарақалпақ, ноғай, башқұрт, карашай-балқар тілдерімен салыстырылған. Болашақта әр тілдің типологиялық ерекшеліктерін және олардың әмбебаптығын ескере отырып, олардың тарихи дамуы мен ататіл фонологиялық жүйесін қалпына келтіруге болатынына сенеміз. Ұсынылып отырған мақала қазақ тілінің дыбыстық құрылымын жаңа қырынан сипаттауға арналады, яғни лингвистикалық ғылымның одан әрі дамуына, тілдің басқа да деңгейлері үшін заңдылықтарды анықтауға, тілде болып жатқан өзгерістерді түсіндіруге, оның даму жолдарын болжауға ықпал ететін болады. Қазақ тілінің тарихи фонологиясын басқа туыстас түркі қыпшақ тілдерімен салыстырмалы-тарихи аспектіде зерттеу жұмыстың теориялық маңыздылығын айғақтайды. Жұмыстың практикалық маңызы да зор: тарихи фонология тарихи грамматика, тарихи лексикология, этимологияның зерттелмеген мәселелерін шешуге жол ашады.

**Тірек сөздер:** вокализм, ашық дауыстылар, тарихи фонетика, диахрондық фонология, түркі тілдер, қыпшақ тобы, дыбыстар эволюциясы, синхронды кескін.

**З.М. Базарбаева\***

Институт языкознания имени Ахмета Байтұрсынұлы, Алматы, Қазақстан  
\*e-mail: zeynepmb@mail.ru

## ЭВОЛЮЦИЯ ГЛАСНЫХ ЗВУКОВ (ВОКАЛИЗМ) В ТЮРКСКИХ (КЫПЧАКСКИХ) ЯЗЫКАХ

**Аннотация.** В представленной статье описаны исторические явления системы вокализма кыпчакской группы родственных языков на базе основных этапов развития тюркских языков. При сравнении вокализма кыпчакской группы тюркских языков выявляются общие и отличительные особенности фонологических систем.

Целью научного исследования является проведение фонетико-фонологического анализа гласных звуков (система вокализма) на основе кыпчакской группы тюркских языков.

Фонологические явления, влияющие на развитие и формирование фонетических систем, рассматриваются в диахроническом аспекте. При анализе звуковой системы тюркских языков сравнительно-историческим методом казахский язык сравнивается с татарским, каракалпакским, ногайским, башкирским, карачаево-балкарским языками, относящихся к кыпчакской типологической группе. Надеемся, что в дальнейшем, учитывая историческое развитие и типологические особенности каждой группы языков вкупе с их универсальными свойствами, можно будет реконструировать фонологическую модель пратюркского языка. В предлагаемой статье звуковые изменения кыпчакской группы языков рассматриваются под новым углом зрения, что будет способствовать дальнейшему развитию лингвистической науки, выявлению общих закономерностей для других уровней языков, объяснению происходящих в языке изменений, прогнозированию путей его развития. Изучение исторической фонологии казахского языка в сравнительно-историческом аспекте с другими родственными тюркскими, в частности близкими нам кыпчакскими языками, свидетельствует о теоретической значимости работы. Работа также имеет большое практическое значение: историческая фонология открывает путь к решению неисследованных проблем исторической грамматики, исторической лексикологии и этимологии.

**Ключевые слова:** вокализм, открытые гласные, историческая фонетика, диахроническая фонология, тюркские языки, кипчакская группа, эволюция звуков, синхронные срезы.

**Z.M. Bazarbayeva\***

Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

\*e-mail: zeynepmb@mail.ru

## EVOLUTION OF VOFES (VOCALISM) IN THE TURKIC (KYPCHAK) LANGUAGES

**Abstract.** In the presented article, the historical phenomena of the system of vocalism of the Kypchak group of related languages will be determined according to the main stages of the development of the Turkic languages. When comparing the vocalism of the Kypchak Turkic languages, common and distinctive features of phonological systems are revealed.

The purpose of the scientific research is to carry out a phonetic-phonological analysis of vowel sounds (vocalism system) based on the Kypchak group of Turkic languages.

Phonological phenomena influencing the development and formation of phonetic systems will be considered in a diachronic aspect. When analyzing the sound system of the Turkic languages by the comparative historical method, the Kazakh language is compared with the Tatar, Karakalpak, Nogai, Bashkir, Karashai, Balkar languages belonging to the Kypchak typological group. We hope that in the future, taking into account the historical development and typological features of each group of languages, coupled with their universal properties, it will be possible to reconstruct the phonological model of the Proto-Turkic language. In the proposed article, the sound changes of the Kypchak group of languages are considered from a new angle, which will contribute to the further development of linguistic science, the identification of general patterns for other levels of languages, the explanation of the changes taking place in the language, and the prediction of the ways of its development. The study of the historical phonology of the Kazakh language in a comparative historical aspect with other related Turkic, in particular the Kypchak languages close to us, testifies to the theoretical significance of the work. The work is also of great practical importance: historical phonology opens the way to solving unexplored problems of historical grammar, historical lexicology and etymology.

**Keywords:** vocalism, open vowels, historical phonetics, diachronic phonology, Turkic languages, Kipchak group, sound evolution, synchronic cuts.

### Кіріспе

Соңғы жылдардағы қоғамдық-саяси және экономикалық өзгерістер қазіргі Еуразия аумағында тұратын бүкіл түркі әлемі елдерінің тіліне әсер етті. Түркі халықтарының өз тарихын, шығу тегін, мәдениетін, әдебиетін, тілін тереңірек білуге деген ұмтылысы байқалады. Ғылым мен мәдениет саласындағы ынтымақтастық туыстас халықтар арасындағы гуманитарлық байланыстарды одан әрі дамытуға ықпал ететін болады. Түркі әлемінің жалпы әлемдік қауымдастықтан айырмашылығы мен ерекшеліктері, оның ұлттық құндылықтары, түркі мәдениетінің әлемдік өркениетке қосқан үлесі сияқты мәселелер қызығушылық тудырады. Ортақ дүниетаным, рухани жақындық, менталитеттердің ұқсастығы түркі әлемінің өкілдерін жақындастырады. Тіл ұлттың басты біріктіруші белгісі болып табылады, сондықтан тіл жүйесінің барлық деңгейлерінде туыстас түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи зерттеуге деген қызығушылықтың артуы байқалады.

Туыстас елдер түркі әлемінің мәдениаралық кеңістігіне енген жағдайда гуманитарлық қатынастар нығаяды, яғни ғылым, тарих және тіл саласы тығыз ынтымақтастықта болып, онда әрбір халықтың рухани құндылықтары көрініс табады. Гуманитарлық ғылым саласындағы халықаралық қатынастарды одан әрі дамыту үшін тіл білімі саласына бірлесе жұмыс істеу қажеттілігі туындайды, яғни қазақ тілін басқа туыстас түркі тілдерімен салыстыра зерттеу қажет. Түркі әлемінің рухани құндылықтары, ғасырлар бойы жиналған өмірлік тәжірибесі, мәдениеті мен дәстүрлері тілінде сақталатыны белгілі. Тіл білімінің дамуы мен қалыптасуына өзіндік үлес қосқан, тілдің дыбыс жүйесіндегі функционалды жағын зерттейтін сала – фонология. Фонологияның жалпы заңдары, құбылыстары мен түсініктері тіл білімінің аясын кеңейтті және тереңдетті. Лингвистикада салыстырмалы фонологияның маңызы зор, ол тілдің даму барысында әртүрлі өзгерістерге ұшырайтын, олардың эволюциясы процесінде жаңартатын немесе қалпына келетін дыбыстардың дамуы мен өзгеруін анықтайды.

Вокализм жүйесінің сан-сапасын анықтау үшін оларды тіл білімінде қалыптасқан принциптер бойынша топтарға жіктеу қажет. Сонда дыбыстардың жалпы ортақ қасиеттерімен тілдердің жеке түрлеріне тән ерекшеліктері көрінеді. Дауыстылардың шығу тегін, олардың тарихи эволюциясын анықтау үшін қазіргі қыпшақ тілдерінің әр топшасынан мысалдар келтіріп, бір-бірімен салыстыра қарастырған жөн. Қыпшақ-ноғай топ бөлігінен қазақ тілімен қатар ноғай және қарақалпақ тілі, қыпшақ-бұлғар топ бөлігінен татар және башқұрт тілі, қыпшақ-половец топ бөлігінен талдауға қарашай балқар тілі алынады. Сонда бізді қызықтыратын мәселе – қыпшақ тілдерінің дауыстылары қазақ тіліндегі дауыстылармен қандай қатынасқа түсетінін айқындау.

### **Материал және әдістер**

Зерттеудің мақсаты мен міндетіне сәйкес жұмыста салыстырмалы-тарихи, қайта құру (реконструкция) зерттеу әдістері пайдаланылады. Тілдерді салыстырмалы-тарихи зерттеу әдісі семантикасы жағынан ұқсас әртүрлі деңгейдегі тілдік бірліктерді салыстырудан, жүйелік корреляцияларды анықтаудан, хронологиялық арақатынастарды белгілеуден және әртүрлі бірліктер мен олардың архетиптерінің праформасын түсіндіруден тұрады, яғни архетиптерді ретроспективті қайта құру әдісі қазіргі тілдердің синхронды құрылымдарындағы тіл дамуының әртүрлі хронологиялық кезеңдерінің құбылыстарын белгілейді. Туыстас тілдердің қазіргі заманғы жүйесіне сүйене отырып, ретроспективті талдау әдісімен барлық түркі тіліне тән жалпы түркі моделін анықтауға келетінін гипотеза ретінде алуға болады. Түркі тілдерінің дамуы айырым белгілерді өзара қарама-қарсы қою барысында жүзеге асырылатын мағынаны ажыратқыш бірлік ретінде дыбыстардың интеграциялануы, дифференциалануы негізінде орын алды. Тарихи фонологияда түркі тілдерінің жеке тілдік деректерін салыстыру арқылы синхронды кескіндерді талдау әдісі жиі қолданылады. Мысалы, кейбір түркі тілдердің тілдік дерегін бір кесінді ретінде алып, оны алыс туыстас тілдердің фактілерімен салыстырып, реконструкция әдіс арқылы ататіл фонологиялық жүйесін құруға болады. Туыстас түркі тілдерінің әртүрлі типтерінің тарихи факторларын ескере отырып, әмбебап, типологиялық құбылыстар сипатталады.

Фонетикалық құбылыстардың тарихын синхронды кескін әдісі арқылы талдау, сипаттау жазбаша ескерткіштері сақталмаған тілдер үшін жалғыз мүмкіншілік болып табылады. Жазбаша ескерткіштері сақталмаған тілдердің деректерін қайта құру әдісінің әлемдік тіл білімінде өзіндік үлесі бар, әрі ол жалпы әдіснамалық мәнге ие. Дыбыстардың тарихи өзгерістері жүйелілік принципіне негізделгендіктен, тарихи фонологияда бұл тұжырымдаманың мәні ерекше болып табылады. Қазіргі тілдердің фонологиялық құрылымдарының қолданыстағы нақты модельдері негізінде барлық түркі тілдеріне тән жалпы моделін ретроспективті түрде анықтауға болады. Осылайша, түркі ата тілінің фонологиялық жүйесін белгілі бір тілдің синхронды кескінін немесе бірнеше тілдердің әртүрлі синхронды кескінін сипаттау нәтижесінде қалпына келтіруге болады. Мұндай зерттеулерде негізінен салыстырмалы және типологиялық әдістер қолданылады. Сонымен қатар фонологиялық мәселелерді шешуде фонетикалық зерттеулердің нәтижесіне сүйену керек, басқаша айтқанда фонологиялық өзгерістер фонетикалық өзгерістерге негізделеді. Синхронды кескін әдісі тарихи фонологияда кеңінен қолданылады.

Белгілі бір тілдің әртүрлі кезеңдегі фонологиялық сипатының дамуын көрсете отырып, фонологиялық жүйелердің даму жолын анықтауға болады. Бірқатар синхронды кескінді анықтап алып және белгілі бір кезеңдегі жүйе ішіндегі фонологиялық бірліктердің сипаты мен өзара қатысын анықтау қажет. Синхронды кескін әдісінде белгілі бір аралықтағы тілдік деректер бірнеше кескін негізінде алынады, сонда олардың арасындағы ұзақтық азаяды. Әртүрлі тілдердің фонологиялық жүйесінің дамуын зерттейтін тарихи фонология синхронды фонологиямен тығыз байланысты екені белгілі. Сондықтан синхронды фонология әдістері тілдердің дыбыстық құрылымының дамуы мен қалыптасуында кеңінен қолданылады.

Зерттеуде түркі тілдерінің (қыпшақ тобы) вокализм жүйесі алғаш рет диахрондық фонология тұрғысынан қарастырылады, барлық түркі тілдеріне тән жалпы заңдылықтар мен фонологиялық құбылыстар айқындалады. Әрбір тілдің фонетикалық жүйесі үнемі дамиды және өзгеріп отырады. Тілде жаңа сөздер мен ұғымдар пайда болғанда фонетикалық жүйе де байиды. Тілдегі ішкі процестердің дамуының негізінде жаңа фонемалар пайда болады. Фонологизацияның әмбебап процестері, жаңа фонемалардың пайда болуы және аллофондардың тәуелсіз фонемаларға айналуы әлемнің барлық тілдеріне тән құбылыс. Дивергенция процестерінің әсерінен фонемалар бөлінсе, ал конвергенцияның кері процесі фонемаларды біріктіреді. Осылайша, фонеманың аллофондары позициялық тәуелділіктен айрылып, тәуелсіз фонемаларға айналады.

### Әдебиетке шолу

Лингвистика ғылымдарының дамуымен байланысты түркі тілдерінің фонетикасы да дамудың бірнеше кезеңінен өтті. Түркі тілдерінің тарихи фонетикасы бойынша алғашқы жұмыстар В. Радловтың (Радлов, 1911) еңбектерінде көрініс тауып, осы саладағы кейінгі жұмыстардың дамуына негіз болған. Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи фонетикасының жекелеген мәселелері В.А. Богородицкий (Богородицкий, 1934), Г. Шараф (Шараф, 1930), Г.И. Рамстедт (Ramstedt, 1957) және т. б. еңбектерінде зерттелді. Сол кездегі туыстас түркі тілдерінің негізгі міндеттерінің бірі түркі тілдерінің әлемдік тілдер құрамынан өзіндік орын табуы болатын. Өткен ғасырдың елуінші жылдарынан бастап Мәскеу және Ленинград ғалымдарының еңбектері пайда бола бастады. Бұл Н.К. Дмитриевтің (Дмитриев, 1955), Ж. Киекбаевтың (Киекбаев, 1970), Г.П. Мельниковтың (Мельников, 1970), А.М. Щербактың (Щербак, 1970) еңбектері еді. Онда түркі тілдерінің тарихи фонетикасының негігі теориялық мәселелері қарастырылған болатын. Қазақ тілі тарихи фонетикасының мәселелері М. Томановтың (Томанов, 1981), Ғ. Мұсабаевтың (Мұсабаев, 1988), Ж. Аралбаевтың (Аралбаев, 1988), Ә. Құрышжановтың (Құрышжанұлы, 2011), М. Оразовтың (Оразов, 2004), Б. Сағандықұлының (Сағандықұлы, 2009), М. Ескееваның (Ескеева, 2007), М. Сабырдың (Сабыр, 2004) және т.б. еңбектерінде қарастырылды. Салыстырмалы фонология мәселелері ұзақ уақыттан бері еуропалық және орыс тіл білімінде зерттеу нысаны болып табылады және осы мәселе бойынша монографиялар мен мақалалар жарияланды. Түркі тілдерінің фонологиялық типологиясы К. Томсеннің (Thomsen, 1957), Л. Базеннің (Bazin, 1961), Н.А. Баскаковтың (Баскаков, 1988) еңбектерінде зерттелген. Сондай-ақ Э.Р.Тенишевтың басшылығымен жарық көрген «Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы» (Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков) (Тенишев, 2002) атты ұжымдық монографияда түркі (қыпшақ) тілдерінің жалпы заңдылықтары анықталып, ғылыми аппараты қалыптасқан.

### Нәтижелер және талқылау

Көне қыпшақ тілі туралы мәліметтерді Махмуд Қашғаридің еңбектерінен (XI ғ.) көруге болады. Мысырда ортағасырлық ескерткіштермен бірге 1245 ж. шыққан «қыпшақ-монғол-парсы» сөздігі сақталған. Белгілі Кодекс-Куманикус қыпшақ тілінде XIII ғасырда жарық көрген. 759 жылы жазылған Селенгі ескерткішінде *turk qurčaq* тайпалары туралы мәліметтерді көруге болады. XIII-XV ғасырларда Алтын орданың әдеби және ресми тілі де қыпшақ тілі болған. Түрік-қыпшақ тіліндегі *qurčaq* деген сөз алдымен одақ, бірлік дегенді білдірген. *Qurčaq* деген түркі-қыпшақ тіліндегі *qur* – байлау, орап, қысып байлау дегеннен шыққан. Қазақ тіліндегі *qurča bel* – *жіңішке бел* дегенді білдіреді. Қыпшақ тайпалары Алтайдан Дунайға дейін кең-байтақ жатқан жерлерде тұрған. Қыпшақтардың сол үлкен байтақ жерлерді алып жатқаны туралы қазақ фольклорында былай делінген: *Barar žeriñ Balqan taw, o da bizdiñ körgen taw. Ulyñ Ürimde, Qyzuñ Qyrumda.*

Түркітанушылар қыпшақ тілдері тарихының төмендегі хронологиясын береді. Ерте атақыпшақ дәуірі – біздің дәуірімізге дейінгі (X–II) ғасырға дейін болған. Орта атақыпшақ

дәуірі (II–VII) ғасырға дейінгі кезең. Осы дәуірден бастап әртүрлі ареалдардағы қыпшақтардың тілінің өзіне тән дыбыстық ерекшеліктері пайда бола бастайды. Олар 4 топқа бөлінеді: шығыс, солтүстік, орталық, батыстық тілдер. Соңғы атақыпшақ дәуірінде (VII – XII) 4 топтың дыбыстық ерекшеліктеріне негізделген бүгінгі қыпшақ тілдері пайда болады. Батыстық тілдерге қарайым, қарашай, балқар, қырым-татар, құмық, ұрұмдық; солтүстік тілдерге – башқұрт, барабин татар, татар; орталық тілдерге қазақ, қарақалпақ, ноғай, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі; шығыс тілдерге қырғыз бен алтай тілдері жатады. Түркітанушылардың пікірлеріне сүйенсек, қазіргі қыпшақ тілдері үш топ бөлігіне жіктеледі: половец қыпшақтарының тілі, бұлғар қыпшақтарының тілі, ноғай қыпшақтарының тілі. Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасының авторлары қыпшақ тілдерін жоғарыдағы таптастыруға сәйкес құман, қаңлы және орал топшаларына бөледі (Тенишев, 2002). Қыпшақ-половец топ бөлігіне құмық, қарашай-балқар, қарайым, қырым-татар тілдерін жатқызады. Бұлар ежелден келе жатқан 8 классикалық дауыстылар жүйесі: *a, e, y, i, o, ö, u, ü* дауыстыларды сақтаған.

Қыпшақ-ноғай топ бөлігі құман топ бөлігімен өте жақын. Бұған ноғай, қарақалпақ, қазақ тілдері жатады. Бұларда 9 дауысты дыбысы бар: *a, ä, e, y, i, o, ö, u, ü* дауыстылары. Тоғызыншы *ä* дауысты дыбысы араб, парсы тілдерінен келген деп есептеледі. Дегенмен бұл дауыстының шығу тегі соңғы кезде даулы мәселеге айналды. Оны таза түркілік дыбыс деп санаудың да мәні бар. Өйткені бұл дыбыстың артикуляция сипаты қазақтарға тән, әсіресе кішкентай сәбилердің *ә-ә-ә*-деп алдыңғы артикуляция аппаратынан шыққан жылауы осыған дәлел. Бұл топ бөлігінің қысаң дауыстылары трансформацияланып тарихи редукцияға ұшыраған. Ал ашық дауыстылары *a, ä, e, o, ö* ешбір өзгеріске түспеген. Қыпшақ тілдерінің бұлғар топ бөлігіне татар тілі, башқұрт тілі, барабин татар тілі жатады. Бұл тілдерде барлық архетиптік қысаң дауыстылар редукцияға ұшырап, өте қысқа дауыстыларға айналған. Бір негізден шыққан туыстас тілдердегі ортақ сөздер олардың архетиптерін жорамалдап белгілеуге мүмкіндік тудырады. Туыстас тілдер топтары дамуының ұзақ тарихы бар. Ғасырлар бойы туыстас тілдердің тобы құралып, ал топтың ішінде дербес тілдер біртіндеп бөліне бастайды. Тілдердің өткен тарихын, олардың даму заңдылықтарын ашып айқындауда қайта құру тәсілінің маңызы зор. Түрлі тілдердің бір-бірімен туыстастығы, туыстас тілдердің топтары қайта құру тәсілінің арқасында көрінеді. Туыстас тілдердің топ бөліктері жасалып, ұзақ мерзімде жеке туыстас тілдерінің құралуына негіз болады. Сонымен, туыстас тілдер топтарының әмбебап және жеке қасиеттері тілдің көне қалпын анықтауға ұйытқы болады.

Ұсынылып отырған мақалада қыпшақ тобына жататын ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт, қарашай-балқар тілдерінің ашық дауыстылары қазақ тіліндегі ашық дауыстылармен қандай қатынасқа түсетіні айқындалады.

*А фонемасы.* Түркітанушылардың еңбектеріне сүйенсек, ерте атақыпшақ дәуірінде (қыпшақ ататілінде) созылыңқы және қысқа *a* теңеліп, бір қалыпты *a* түрінде барлық қыпшақ тілі сөздерінде бірдей тұрақты кездеседі. Барлық халық қолданып жүрген туысқан қыпшақ тілдерінің көбісінде және ортағасырлық қыпшақ тілдеріне қатысты жазба ескерткіштерінде де *a* тапжылмай, өзгермей кездесіп отырады. Жалғыз ғана қазан татар тілінде бұлғар субстрат тілінің ықпалынан татар, башқұрт сөзінің бірінші буынындағы *a* дауыстысында еріндік сипат байқалады *a<sup>o</sup>*. Қазақ тілі тарихын арнайы зерттеген М. Томановтың айтуынша, башқұрт пен татар тілдеріндегі *a* фонемасы, басқа тілдермен салыстырғанда, біршама «жасық» яғни *o*-ға жақын естіледі, мұндай мәнер татар тілінде айқынырақ та, башқұрт тілінде ондай дәрежеде емес, *a* дыбысының әбден қысаңдап, қысқаруы татар тілінде ғана қалыптасқан жүйеге айналған, ал башқұрт тілінде бұл заңдылықтан ауытқу жиі кездеседі (Томанов, 1981). Алайда, бұл тілдердегі *a* фонемасының еріндік мәнермен айтылуы фонематикалық қасиет алмаған. *A* фонемасының еріндік мәнер алуы зерттеушілер субстрат теориясымен, яғни белгілі бір тіл құрамындағы жеңілген тілдің қалдығы деп қарайды және тілдің ішкі даму заңдылығының ерекшелігі деп қарайды. Сондай-ақ езуліктің еріндікке айналуы фонетикалық қоршаудың нәтижесіндегі комбинаторлық өзгерістің бір түрі болар.

**1-кесте – А фонемасының қыпшақ тілдеріндегі көрінісі**

Қазақ тілінде	Ноғай тілінде	Қарақалпақ тілінде	Татар тілінде	Башқұрт тілінде	Қарайым-балқ. тілінде	Жазба ескерткіште
aw <i>аулау</i>	aw	aw	a <sup>o</sup> w	a <sup>o</sup> w	aw	aw
ayaç <i>ағаш</i>	ayaç	ayaç	a <sup>o</sup> ya <sup>o</sup> ç	a <sup>o</sup> ya <sup>o</sup> ç	ayaç	ayaç
qabaq <i>асқаба</i> қ	qabaq	qabaq	qa <sup>o</sup> ba <sup>o</sup> q	qa <sup>o</sup> ba <sup>o</sup> q	qabaq	qabaq
tas <i>тас</i>	tas	tas	ta <sup>o</sup> ş	ta <sup>o</sup> ş	taş	taş

Сонымен қыпшақ тобына жататын барлық туыстас тілдер сөздерінің барлық шенінде келетін *a* фонемасы тапжылмай сақталып, оның үстіне қыпшақ тілдеріне жататын жазба ескерткіштерде де көрініс табады. Бұндай тұрақтылыққа қарағанда, бұл дауыстыны ежелгі түркі ататілінен келе жатқан дыбыс деп саналады.

Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығын зерттеген М. Сабыр *a* дауыстысының көнелігін көрсету үшін ортағасырлық қыпшақ тілінде жуан, тіл арты *a* жіңішкеріп *ä*-ге, бірде *e*-ге сәйкес келеді деп, мынадай мысалдар келтіреді: *дайым-дәйім, татлы-тәтті, қары-кәрі, жаллад-жендет, карим-керім, ташла-тесекте* (Сабыр, 20004). Қазақ тілінің *ä* дауыстысы алдында *a*-ның аллофоны болып, фонологизация құбылысына ұшырап, интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың арқасында кірме сөздердің әсерімен жіңішкеріп алдыға жылжыған болар.

*E фонемасы.* Қазіргі заманда өмір сүріп жатқан түркі тілдері мен көне түркі тілдерінің материалдарын зерттеген ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне қарағанда түркі ататілінде ашық қысқа *a* мен жартылай ашық созылық *e*-нің болғаны және де *ä ~ e ~ e* комбинаторлық варианттарының түрлі фонетикалық қоршауларда ататілдің даму процестерінің соңына дейін тіпті қазіргі түркі тілдерінің даму процесінің өзінде көрініс табады. Қыпшақ ататілінің өз алдына бөлініп дербестену уақытына дейін дауысты дыбыстың созылық-қысқаға бөліну заманы артта қалған және де ескі түркілік ашық, қысқа *ä* мен қысаң, созылық *e* қосылып бір индифферентті *e* фонемасына айналған (Тенишев, 2002:225).

Қазақ тілінде *ä* мен *e* дауыстылары бір-біріне оппозиция құрайды: *сән - сен, мән - мен, тән - тен, бәрі - бері, кәсіп - кесіп, дәм - дем, бәрі - бері.*

Түркітанушылардың көбісі бұлардың ежелгі қыпшақтық қасиетке ешбір қатысы жоқ деп тұжырымдайды. Бірақ соңғы зерттеулерде, *ä* дауыстысы көне түркі тілдерінде *a* – ның варианты ретінде қолданылып орта ғасырда дербес фонемаға айналған дейді.

Қазіргі қыпшақ жазу тілдерінің көпшілігінде *e* дауыстысы ешбір өзгеріссіз сол тілдердің сөздерінің барлық позициясында келе береді. Тек қыпшақ тілінің бұлғар топ бөлігіне жататын татар мен башқұрт тілдерінде қыпшақ ататілінен келе жатқан ашық-езулік *e* қысаңдануына ұшырап қысқарады (*e > i*). Еділ бойындағы башқұрт, татар тілдерінде ашық дауыстылардың көбісі қысаңданып, қысаң дауыстылардың қатары қалыптасқан.

Дауыстылардың қысаңдануы татар және башқұрт тілдерінің ерекшелігі деп, Н.А. Баскаков оларды вокализмнің екінші тобы деп белгілеген (Баскаков, 1988:21). М. Томанов дауыстылардың ашық-қысаң топтарға жіктелуі түркі тілдерінің генезистік заңдылықтарының қатарына жататындығын дәлелдейді деп, ашық-қысаң вариантты сөздерге мысалдар келтіреді: *арсылда-ырсылда, сатыр-сытыр* т.б. Ғалымның пікірінше, мерзім жағынан ашық-қысаң негізінде вариантты сөздердің жасалуы алғашқы құбылыс та, ашық-қысаң формасында қалыптасқан сөздердің дербес мәндерге ие болуы екінші дәрежелі

құбылыс. Басқаша айтқанда, қыпшақ тілдеріндегі ашық-қысаң дауыстылар фонематикалық статусына сәйкес мағына ажыратушы қызмет атқарады.

## 2-кесте – *E* фонемасының қыпшақ тілдеріндегі көрінісі

Қазақ тілінде	Ноғай тілінде	Қарақалпақ тілінде	Татар тілінде	Башқұрт тілінде	Қарайым-балқ. тілінде	Жазба ескерткіште
eki	eki	eki	ikī	ikī	eki	iki
elek <i>елек</i>	elek	elek	ilak	iläk	elek	elek
esik <i>есік</i>	esik	esik	išik	išik	ešik	ešik
erte <i>ерте</i>	erte	erte	irtä	irtä	erte	erte

Сонымен көріп отырғанымыздай, жартылай ашық *e* дауыстысының қысаңданып *ĭ* – ге айналғаны кейінгі қыпшақ дәуірінде болған, ал қыпшақ ататілінің дәуірінде мұндай жағдайлардың бәрі *e* дауыстысы реконструкцияға түсіп отырған.

Ал кейде *e* фонемасы сөздердегі ассимиляция-диссимиляция әсерінен басқа фонемалармен корреляцияға түсіп кететіні бар. Мысалы қазақ, қарақалпақ, ескерткіш тілдерінде *egiz*, ал татар, башқұрт тілдерінде *igiz*, *igid* (Тенишев, 2002:226).

М. Томановтың пікірі бойынша, қазақ, қарақалпақ тілдеріндегі *e* фонемасы басқа түркі тілдеріндегі сондай дыбыстан дифтонгге ұқсастығымен ерекшеленеді. Қазақ, қарақалпақ тілдерінде бұл ерекшелік, әсіресе тұйық буында айқын көрінеді. Сөздің абсолют басындағы *e* фонемасының алдынан *i* қысаң дауысты айқын байқалады. Сондықтан да қазақ тіліндегі (қарақалпақ тілінде де) сөз басындағы *e* айтылуда дауыссыз *ĭ*-ге жақын дыбысталады: *uel*, *yeiki*. Түркі тілдерінің ішінде көне түркілік *ä* дыбысының ерекше көрінісі татар, башқұрт, хакас тілдерінде кездеседі. Бұл тілдерде *e* дауыстысы, *ĭ* түрінде, яғни қысаңдап, қысқарған түрде дыбысталады (Томанов, 1981:42).

Осындай пікірді танымал түрколог Н. Басқақов та қолдайды. Түркі тілдеріндегі фонологиялық құрылым моновокалды типпен ерекшеленетінін еске алып, қазақ тілінде қарақалпақ, ноғай тілдерімен қатар *e* фонемасы сөздің анлаут позициясында дифтонг сапасында айтылады [*je*]/*ki*, [*je*]/*rte* деп түсіндіреді.

Қазақ тілінде қосымшада *a* фонемасы *e* фонемасымен комбинаторлық түрде алмасады. Белгілі фонетист Ж.Аралбаевтың айтуынша, парадигматикалық тұрғыдан қарағанда, сөздің бас буынында *a* – *e* дербес фонема, синтагматикалық тұрғыдан алғанда *a* – *e* жеке морфонеманы құрайды (Аралбаева, 1988:34). Байырғы замандарда *e* фонемасы *a* фонемасының варианты ретінде қолданылған болар, фонетикалық жүйенің даму барысында фонема аллофондары дербес фонемаға айналған.

*O* фонемасы. Көне қыпшақ тілдерінде екі ашық тіл арты *o*-созылыңқы мен *o*-қысқасы қосылып бір қалыпты *o* ғана қалды. Қыпшақ ататіліндегі *o* дауыстысы половец және ноғай топ бөліктерінде сақталған. Бұлғар топшасына енетін татар тілі мен башқұрт тілінде қысаңдап, *o* дауыстысы *u* дауыстысына айналған (*o* > *u*) (Тенишев, 20:237).

Осыған байланысты М.Томанов: «Жалпы түркілік *o* фонемасының жеке тілдердегі көрінісі барлық уақытта бірдей болып келмейді. Татар, башқұрт тілінде таза *o* дыбысы жоқ, бұл жағынан басқа түркі тілдерінен оқшау тұрады. Татар, башқұрт тілдерінде *o*-ның орнына қысаң айтылатын *u* қалыптасқан. Татар, башқұрт тілдеріндегі бірінші буында айтылатын қысаң *u* қазақ тілінде тек *o* дауыстысына ғана емес, *u* дыбысына да сәйкес келеді» - деп жазады (Томанов, 1981:34). Ғалым *o* дыбысының қолдану ерекшелігі түркі тілдеріндегі ерін үндестігі заңдылығымен тығыз байланысты екенін айтады. Түркі тілдерінің көпшілігінде ерін үндестігі заңдылығы дамымаған. Сол себептен олар жалпы түркілік *o* көбіне сөздің (түбірдің)

бірінші буынында ғана айтылады да, екінші, үшінші буындарда, аффикстер құрамында қолданылмайды. Сондай тілдің бірі – қазақ тілі. Қазақ тілінде жалпы ерін дауыстыларды *o* дыбысы тек қана бірінші буында айтылады да, қалған буындарда кездеспейді. Жалпы түркі тілдерінің кейбіреуінде *o* дауыстысының екінші буында қолданылуы аса сирек ұшырасатын құбылыс. Ерін үндестігі заңдылығы тек қысаң дауыстыларды қамтитын тілдерде *o* дыбысының айтылуы екінші буыннан аспайды. Ерін үндестігі заңдылығы әбден дамыған тілдер қатарына қырғыз, алтай, якут тілдері жатады. Бұл тілдерде ерін дыбыстарының үндесуі тек қысаңдарда ғана емес, ашық дауыстыларды да қамтиды. Қырғыз тілі ерін үндестігі заңдылығы әбден дамыған тілдерге жатады. Сондықтан ол тілде *o* фонемасы түбір негіз құрамында ғана емес және буын санына қарамай айтыла береді. Қазақ тілінде, қырғыз тілінің екінші, үшінші, кейінгі буындардағы *o* дыбысының орнына жуан езулік дыбыстар айтылады.

### 3-кесте – *O* фонемасының қыпшақ тілдеріндегі көрінісі

Қазақ тілінде	Ноғай тілінде	Қарақалпақ тілінде	Татар тілінде	Башқұрт тілінде	Қарашай-балқар тілінде	Жазба ескерткіште
oz озу	oz	oz	uz	uδ	oz	oz
oj ой	oj	oj	uj	uj	oj	oj
orma орма н	orman	orman	urman	urman	orman	orman
jol жол	jol	jol	jul	jul	jol	jol

Кестеден байқағанымыз, қыпшақ-ноғай топ бөлігінде, соның ішінде қазақ тілінде де ашық тіл арты *o* дауыстысы өзгермей жазба ескерткіштеріндегі қалпында қалған. Дегенмен қазақ әдеби тілінде *o* дауыстысының *u*-ға айналғанын да байқауға болады: *ojanu-ujani, goldanu-quldanu, soraqu-suraqu* (Сабыр, 2004:22). Қазақ вокализмді терең зерттеген Ж.Аралбаевтың пікір бойынша, сөздің анлаут позициясында *o* фонемасы үнемі ашық еріндік дифтонг сапасында келеді: *wot, woraq, won, woq*. *O*-ның дифтонг сапасында келуі қазақ, ноғай тілдерінде де бар, бірақ бұл тілдерге қарағанда, қарақалпақ тілінде *o*-ның дифтонгтік жағы күшті, әсіресе екпінді позициясында айқын байқалады. Қазақ тіліндегі *wo* дифтонг орнында қазіргі чуваш тілінде екі дыбыс бар. Қазақ тілінде *wot*, чуваш тілінде *vut*, қазақ тілінде *worun*, чуваш тілінде *vuran*, қазақ тілінде *uol*, чуваш тілінде *vol, ool* (Аралбаев, 1988:35).

*Owa, oba* деген сөздер үйілген тас, жартаc дегенді білдіреді. *Owa* деп құман тілінде ғана жазылып, басқа қыпшақ (қазақ, қарақалпақ, қарашай-балқар т.б. тілдерде *oba* болады. Ал татар, башқұрт тілдерінде *o* қысаңданып *o > u*-ге айналып *uba* болыпты. Қазақ тілінде *oba* деген сөздің мағынасы күңгірттеніп, қазіргі тілде онша кездеспейді. Ауыз әдебиетінде XVI ғасырда пайда болған «Қыз-жібек» эпосында *қособа* деген сөз кездеседі.

*Ö фонемасы.* *Ö* дауыстысы барлық қыпшақ тілдерінде өзгеріссіз сақталған, тек қыпшақ-бұлғар топ бөлігінің татар мен башқұрт тілдерінде қысаңданған. Бұл екі тілде ашық еріндік тіл алды (жіңішке) *ö* трансформацияға ұшырап, қысаңданып еріндік тіл алды *ü* дауыстысына айналған (Тенишев, 2002:243).

### 4-кесте – *Ö* фонемасының қыпшақ тілдеріндегі көрінісі

Қазақ тілінде	Ноғай тілінде	Қарақалпақ тілінде	Татар тілінде	Башқұрт тілінде	Қарашай-балқар тілінде	Жазба ескерткіште



öt <i>өт</i>	öt	öt	üt	üt	öt	öt
ökir <i>өкіру</i>	ökir	ökir	ükür	ükir	ökür	ökür
böl <i>бөлу</i>	böl	böl	bül	bül	böl	böl
börük <i>бөрік</i>	börk	börük	bürük	bürk	börk	börk

Сөздің анлау позициясында *ö* фонемасы *e*, *o* дауыстылары сияқты, үнемі ашық дифтонг вариантында қолданылады: *wöš*, *wöt*, *wömir*, *wöz* т.б. Ж.Аралбаевтың пікірінше, мұндай жағдай қазақ, ноғай, қарақалпақ тілдерінде де бар. Ғалым *ö* фонемасының осындай позициялық вариантында фонематикалық *ö* дыбысының орнына татар, башқұрт және өзбек тілдерінде *ü*-ға таяу дыбысы айтылатынына назар аударады (Аралбаев, 1988:35).

Қазақ вокализмінің тарихын арнайы зерттеген М.Томанов *ö* дауыстысы жөнінде былай жазады: «Дыбысталу, қолданылу ерекшелігі жағынан *o* дыбысы өзінің жуан сыңарының іздерін қайталайды. *Ö* дауыстысы татар, башқұрт тілдерінде осы сапасында жоқ, оның орнына жіңішке қысаң дауысты *ü* айтылады: *küz*, *süz*, *üt*. Қазақ, қарақалпақ, ноғай, құмық, қарашай-балқар тілдеріндегі *ö* дыбысының басқа тілдердегі сондай дыбыстан ерекшелігі бар. Бұл тілдердегі *ö* монофтонгіден гөрі дифтонгиге ұқсас келеді: алдымен жіңішке, қысаң дауысты естіледі. Алайда, бұл ерекшелік сөздің абсолют басында айтылатын *ö* дыбысына ғана қатысты. Ал бітеу буын құрамындағы *ö* тек қана монофтонг екені айқын» (Томанов, 1981:45). Ерін үндестігі жөнінде М. Томановтың пікірін келтірсек: «*Ö* дыбысының екінші буыннан бастап сөз соңында қолданылуына ерін үндестігі заңдылығымен ұштасып жатады. Ерін үндестігі дамыған тілдерде *ö* дыбысы екінші, үшінші буындарда, қосымшалар құрамында айтыла береді. Ал, ерін үндестігі ондай дәрежеде дамымаған тілдерде, мысалы, қазақ тілінде екінші буыннан кейін езулік жіңішке дауыстылар айтылады (Томанов, 1981:45).

### Қорытынды

Сонымен, әр түрлі халықтар бір-бірімен қарым-қатынаста өмір сүретіні белгілі. Өзара қарым-қатынас жасауының барысында халықтардың тілдері бір-біріне әсер етеді, соның негізінде кейбір тілдік элементтері ауысады. Тілдің тарихын зерттегенде, туыстас тілдердің материалдарына үңіліп, салыстырғанда, белгілі бір тілдегі тарихи өзгерістердің себебін айқындауға мүмкіндік туады. Болашақта бұл зерттеу осы саладағы одан әрі ғылыми зерттеулердің негізі бола алады, жаңа зерттеу жұмыстарын құруға ықпал етеді және салыстырмалы-тарихи тіл білімінің дамуына лайықты үлес қосады. Осылайша, тарихи фонология саласындағы зерттеулер түркі (қазақ) тіл білімінің кейбір шешілмеген және күрделі мәселелерін зерттеуде қосымша серпін береді және жаңа зерттеулерге жол ашатынына үміттенеміз. Тарихи фонологияны зерттеу түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи және типологиялық тіл білімінің одан әрі дамуына ықпал ететін болады. Жұмыста алынған нәтижелер түркологияға, көне түркі тіліне, түркі тілінің салыстырмалы фонологиясына, тіл этимологиясына, жоғары мектептегі қазақ тілінің тарихи грамматикасына, дәрістерде пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ зерттеу материалдары магистранттар мен докторанттар үшін оқу бағдарламалары мен жоспарларын, силлабустарды дайындауда пайдалы болуы мүмкін.

Мақала ЖТН АР14869440 «Диакрондық фонология: түркі тілдерінің вокализм және консонантизм жүйесі» атты гранттық қаржыландыру жобасы (2022-2024) аясында жарияланды.

### Әдебиеттер

Радлов В.В. (1893-1911) Опыт словаря тюркских наречий. СПб., 1893-1911. Т. 1-IV.

- Богородицкий В.А. (1934) Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – Казань, 1934.
- Шараф Г.И. (1930) Палатограмма звуков татарского языка. – Казань, 1930.
- Ramstedt G.J. (1957) Einführung in die altaischen Sprachwissenschaft. I. Lautlehre // MSFOu, 1957.
- Дмитриев Н.К. (1955) Вторичные долги в тюркских языках // ИСГТЯ, 1955. Т.1.
- Киекбаев Дж.Г. (1970) О передвижении гласных в башкирском языке // Учен. зап. Башк. пед. ин-та. 1956. Т.8.
- Мельников Г.П. (1970) Причины нарушения симметрии киргизского вокализма // Тюркологические исследования. – Фрунзе, 1970.
- Щербак А.М. (1970) Сравнительная фонетика тюркских языков. – Л., 1970.
- Томанов М. (1981) Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Фонетика, морфология. – Алматы, 1981.
- Мұсабаев Ғ. (1988) Қазақ тілі тарихынан. – Алматы, 1988.
- Аралбаев Ж. (1988) Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы, 1988.
- Құрышжанұлы Ә. (2011) Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы, 2011.
- Оразов М. (2004) Түркі тілдерінің зерттеліне бастауы туралы // Түркология, №4. 2004.
- Сағындықұлы Б. (2009) Фонологические закономерности развития лексики тюркских языков. – Алматы, 2009.
- Ескеева М. (2007) Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі – Алматы, 2007.
- Сабыр М. (2004) Орта түркі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескеркіштері негізінде). Фил. ғыл. докт. ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған диссер. авторефераты. – Алматы, 2004.
- Thomsen K.T. (1957) The closed “e” in Turkish // Acta Orientalia. Havniae, 1957. XXII.
- Bazin L. (1961) Y a-t-il en turc des alternances vocaliques // UAIB, 1961. XXX111, 1-2.
- Баскаков Н.А. (1988) Историко-типологическая фонология тюркских языков. – М., 1988.
- Тенишев Н.А. (2002) Сравнительно-историческая фонетика тюркских языков. М., 2002.

### References

- Radlov V.V. (1893-1911) Opyt slovarja tjurkskih narechij. SPb., 1893-1911. T. 1-IV. (in Russian)
- Bogorodickij V.A. (1934) Vvedenie v tatarskoe jazykoznanie v svjazi s drugimi tjurkskimi jazykami. – Kazan', 1934. (in Russian)
- Sharaf G.I. (1930) Palatogramma zvukov tatarskogo jazyka. – Kazan', 1930. (in Russian)
- Ramstedt G.J. (1957) Einführung in die altaischen Sprachwissenschaft. I. Lautlehre // MSFOu, 1957. (in German)
- Dmitriev N.K. (1955) Vtorichnye dolgoty v tjurkskih jazykah // ISGTJa, 1955. T.1. (in Russian)
- Kiekbaev Dzh.G. (1970) O peredvizhenii glasnyh v bashkirskom jazyke // Uchen. zap. Bashk. ped. in-ta. 1956. Т.8. (in Russian)
- Mel'nikov G.P. (1970) Prichiny narusheniija simmetrii kirgizskogo vokalizma // Tjurkologicheskie issledovaniija. – Frunze, 1970. (in Russian)
- Shherbak A.M. (1970) Sravnitel'naja fonetika tjurkskih jazykov. – L., 1970. (in Russian)
- Tomanov M. (1981) Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Фонетика, морфология. – Алматы, 1981. (in Kazakh)
- Musabaev F. (1988) Қазақ тілі тарихынан. – Алматы, 1988. (in Kazakh)
- Aralbaev Zh. (1988) Қазақ фонетикасы бойынша жетудтер. – Алматы, 1988. (in Kazakh)
- Kuryshzhanuly A. (2011) Til tarihy turaly zertteuler. – Алматы, 2011. (in Kazakh)
- Orazov M. (2004) Түркі тілдерінің зерттеліне бастауы туралы // Түркология, №4. 2004. (in Kazakh)
- Cagyndykuly B. (2009) Fonologicheskie zakonomernosti razvitija leksiki tjurkskih jazykov. – Алматы, 2009. (in Russian)
- Eskeeva M. (2007) Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі – Алматы, 2007. (in Kazakh)
- Sabyr M. (2004) Орта түркі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескеркіштері негізінде). Фил. ғыл. докт. ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған диссер. авторефераты. – Алматы, 2004. (in Kazakh)
- Thomsen K.T. (1957) The closed “e” in Turkish // Acta Orientalia. Havniae, 1957. XXII. (in English)
- Bazin L. (1961) Y a-t-il en turc des alternances vocaliques // UAIB, 1961. XXX111, 1-2. (in French)
- Baskakov N.A. (1988) Istoriko-tipologicheskaja fonologija tjurkskih jazykov. – М., 1988. (in Russian)
- Tenishev N.A. Sravnitel'no-istoricheskaja fonetika tjurkskih jazykov. М., 2002. (in Russian)